

Қозғамбаева Г.Б.,¹ Исабек Б.К.²

*¹әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қаласы, E-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.*

*²Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, профессор м.а.
Шымкент қ., E-mail: barsha73@mail.*

ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫНЫҢ КІШІ ҚҰРЫЛТАЙЛАРЫ

Аңдатпа

Бүгінде республика аумағынан тыс 5 миллионнан (7 млн) астам қазақ диаспорасының өкілдерінің басым бөлігі (90%) республикамен шектесетін шекаралас мемлекеттерде тұрады. Дүниежүзінің отыз бес еліндегі қазақ мәдени орталықтары және бөлімшелерімен Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы бірлесе жұмыс жасайды. Жыл сайын шетелдегі қазақтардың кіші құрылтайларын өткізу дәстүрге айналған.

Мақалада дүниежүзі қазақтарының республика аумағында шақырылған бес құрылтайдан басқа алыс -жақын шетелдерге өткен кіші құрылтайлар қарастырылған. Еуропада, Ресейде, Орталық Азия мемлекеттерінде өткен кіші құрылтайларда қазақтың ұлттық болмысын сақтау, тілі мен мәдениетін өркендету және қазақ халқының бүгінгі мен болашағы туралы айтылған ой-пікірлер қамтылды. Дүниежүзінің әлеуметтік-экономикалық кеңістігінің біртұтас интеграцияға ұшырап, жаппай жаһандану процесі жүріп жатқанда дүниежүзіндегі қазақтар өзіндік этникалық келбетін және ұлттық бірлігін сақтау, рухани құндылықтарын дәріптеуде шетелдерде шақырылған кіші құрылтайлардың маңызы көрсетілген.

Түйін сөздер: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы, Отандастар, диаспора, құрылтай, қазақ мәдени орталықтары.

Kozgambayeva G.B.,¹ Issabek B.K.²

*¹al- Farabi Kazakh National University,
Almaty, E-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.*

*² South Kazakhstan state pedagogical university, associate professor,
Shymkent, E-mail: barsha73@mail*

THE YOUNGER CONGRESS(KURULTAY) OF THE KAZAKH DIASPORA

Abstract

Today, outside the republic, most of the representatives of the Kazakh diaspora (90%) live in the states adjacent to the republic. The World Association of Kazakhs operates with the Kazakh cultural center and subdivisions in thirty-five countries of the world. It has become a tradition to annually hold small Congress(Kurultay) of foreign Kazakhs. In addition to five kurultai of Kazakhs of the world, invited to the territory of the republic, the article provides for small congress (kurultay) held in the countries of near and far abroad. At small congresses (kurultay) held in Europe, Russia, Central Asian countries, the article highlights the issues of preserving the Kazakh national existence, the development of language and culture, as well as the present and future of the Kazakh people. At a time when the socio-economic space of the world is undergoing a single integration, there is a process of general globalization, Kazakhs all over the world are of particular importance for preserving their ethnic appearance and national unity, and for popularizing spiritual values.

Key words: World Association of Kazakhs, compatriots, diaspora, congress (kurultay), Kazakh cultural centers.

Козгамбаева Г. Б.,¹ Исабек Б.К.²

*¹КазНУ имени Аль –Фараби.Казахстан,
г. Алматы, E-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.*

*²Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, и.о. профессора
г. Шымкент, E-mail: barsha73@mail*

МЛАДШИЙ КУРЫЛТАЙ КАЗАХСКОЙ ДИАСПОРЫ

Аннотация

Сегодня за пределами республики большая часть представителей казахской диаспоры (90%) проживает в сопредельных с республикой государствах. С казахским культурным центром и подразделениями в тридцати

пяти странах мира совместно работает Всемирная Ассоциация казахов. Стало традицией ежегодно проводить малый Курултай зарубежных казахов.

В статье помимо пяти Курултаев казахов мира, проведенных на территории республики, рассмотрены малые курултаи, прошедшие в странах ближнего и дальнего зарубежья. Малые Курултаи в Европе, России и Центральной Азии были посвящены сохранению казахской национальной идентичности, развитию языка и культуры, а также настоящему и будущему казахского народа. В то время, когда социально-экономическое пространство мира подвергается Единой интеграции, идет процесс всеобщей глобализации, казахи во всем мире имеют особое значение для сохранения своего этнического облика и национального единства, популяризации духовных ценностей.

Ключевые слова: Всемирная Ассоциация казахов, соотечественники, диаспора, курултай, казахские культурные центры.

Әлемнің әртүрлі мемлекеттерінде ғұмыр кешіп жатқан қазақ диаспорасының өкілдері өздерінің ұлттық құндылықтары мен негіздерін ешқашан ұмытқан емес. Дүние жүзінің әлеуметтік-экономикалық кеңістігінің біртұтас интеграцияға ұшырап, жаппай жаһандану процесі жүріп жатқанда Қазақстандағы қазақтар да, шетелдердегі қандастарымыз да өзіндік этникалық келбетін және ұлттық бірлігін жоғалтпаудың жолдарын іздеуде. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының басшылығымен әлем қазақтарының бес Құрылтайы өтті. Дүниежүзі қазақтарының басын қосқан тұңғыш құрылтайдың шақырылған кезінен бесінші құрылтайдың арасын уақыт өлшеммен санасақ жиырма сегізжыл болады екен. Төрткүл дүниеге тараған қандастарымыздың І-ші құрылтайға жиналған кезінде олардың атамекен, ата-баба жеріне оралу туралы қуаныш пен күдікке толы ойларымен, V-ші құрылтайдағы өзгерістерді салыстырып көрсек, өткен 25 жыл уақыт – бірнеше ғасырлық уақытқа тұратындай өзгерістерге ұйтық болған мерзім екенін байқауға болады[1].

Дүниежүзі қазақтарының республика аумағында шақырылған бес Құрылтайдан басқа қазақ диаспорасының кіші құрылтайлары алыс – жақын шетелдерге өтті. Шетелдерде өткен Кіші құрылтайларға тоқталмас бұрын, осы құрылтайларды алғаш ұйымдастыру жұмысын жүргізген Қауымдастық екеніне мән берсек. Дүниежүзі қазақтарының екінші Құрылтайының қарсаңында ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі М.А. Құл-Мұхаммедтің атына Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы төралқасы төрағасының бірінші орынбасары Қ.Найманбаев: «... Өзбекстан, Ресей, Еуропа және Түркия елдерінде кіші құрылтайлар өткізілуі қажет. Бұл жиындарды өткізудің ең үлкен мақсаты – алыстағы ағайындардың ұлттық рухын көтеру. Олардың іздейтін атажұрты – елі бар екенін еске салу. Сондықтан мұны әдеттегі той-думан емес, маңызды оқиға деп санаған жөн деп білеміз. Көмектесулеріңізді сұраймыз» [2], - деп хат жазған. Яғни, Қазақстанда өткен құрылтайлардан басқа, шетелдерде кіші құрылтай өткізу алдында дайындық жұмыстары жасалғандығын байқаймыз7

Бүгінде республика аумағынан тыс 5 миллионнан (7 млн) астам қазақ диаспорасының өкілдерінің басым бөлігі (90%) республикамен шектесетін шекаралас мемлекеттерде тұрады. Өзбекстанда 2 млн., Қытайда 1,5 млн., Ресейде 1 млн, жуық, Моңғолияда 130 мыңға жуық, Қырғызстанда 45 мың, Түрікменстанда 80 мың қазақ бар. Ауғанстан, Иран, Түркия елдерінде қазақтар жинақы орналасқан. Еуропа елдерінің әрқайысында 200-500 отбасының аралығында қазақтар бар. Қазақстан қазақ диаспорасын қолдау жөніндегі мемлекеттік саясатына байланысты екі бағытта, біріншісі – сырт жерлердегі қандастардың оралман ретінде атамекенге біржолата көшіп келуіне жағдай жасау, екіншісі – ұлттық ерекшелігін, ана тілін, мәдениеті мен салт-дәстүрін сақтап, дамыта беру үшін диаспора ретінде бұрыннан тұрып жатқан жерлерінде қамқорлық көрсету[3,4б.].

Дүниежүзінің отыз бес еліндегі қазақ мәдени орталықтары және бөлімшелері мен Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы бірлесе жұмыс істейтінді. Жыл сайын шетел қазақтарының кіші құрылтайларын өткізу де дәстүрге айналған. Кіші құрылтайларды өткізу жұмыстары бойынша Қазақстан Республикасы елшіліктеріне, министрліктер, облыс әкімшіліктерінің көмектеріне сүйенеді. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы республикада өткен құрылтайдан басқа Еуропада, Ресейде, Орталық Азия мемлекеттерінде кіші құрылтайларды ұйымдастырып өткізуде ат салысып келеді [4,69б.]. Кіші құрылтай Түркия және Моңғолия елдерінде де өтті. 1997 жылы Түркияның Стамбул қаласында өткен кіші құрылтайға он бір алыс және жақын шетелдегі елуге жуық қазақ диаспорасы өкілдері қатысты. Құрылтай барысында қазақ халқының мәдениеті мен әдет-ғұрпын насихаттайтын Қазақ мәдениеті орталығы ашылды. Ол бүгінде отандастар кездесетін орталыққа айналды[5,5б.].

Стамбулдағы Бас консулдың көмегімен «Топкапы» қалалық саябағында Қазақ мәдениет үйі мен Қазақ тілін үйрету орталығы 2007 жылы қараша айында ашылды. 2008 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан бөлінген квота бойынша қазақ диаспорасының жастары Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан қаласында Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ - түрік университетіне қазақ тілі бойынша дайындық курстарына оқуға жіберілді [6,2б.]. Сандық есеп бойынша 2014 жылы 31 тамызда Түркияда үшінші кіші құрылтай өтті. Құрылтайға Қауымдастық төрағасының бірінші орынбасары бастаған делегация қатысты. Құрылтайда қаралған мәселелердің маңыздысы, ол ҚР-сы Президенті Н.Назарбаевтың Халыққа арнаған Жолдауын Анадолыдағы қазақ-тарға насихаттау болды. Кіші құрылтайға жиналған Түркиядағы қандастарымыз Президент Н.Назарбаевтың Қазақ-стан халқына жолдауы бойынша жасалған баяндаманы ризашылығымен тыңдап, өз ойларын ортаға салды[7,21 б.].

Ал Моңғолия қазақтарының алғашқы құрылтайы 1997 жылы Баян-Өлгий аймағында өтті. Құрылтайда Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Моңғолиядағы бөлімшесі құрылып, төрағалығына сол кездегі аймақ әкімі Күнтуғанұлы Мизамхан сайланды, 2004 жылдан Омарұлы Хабсатар басқарды. 2005 жылы Ұланбатыр қаласында қазақ мәдени орталығы құрылды. Қауымдастықтың ұйымдастыруымен Абайдың 150 және

М.Әуезовтың 100 жылдығы Баян-Өлгий аймағы мен оның бірнеше аймақтарында өткен. Бұл мерейтойларға Қазақстанның белгілі ақын-жазушылары, ғалымдары мен әртістері, қоғам қайраткерлері қатысты. Ал 2013 жылы 4 шілдеде Моңғолияның астанасы Ұланбатыр қаласында өткен Кіші құрылтайға Қазақстандық делегация қатысты. Кіші құрылтайға Ұланбатыр мен Дархан, Эрдэнэт, Налайх, Шарыngoл қалалары мен Баян-Өлгий, Қобда сияқты алыс аймақтарда тұратын Моңғолиядағы барлық қазақ қауымының өкілдері қатысты. Моңғолияда Қауымдастық бөлімшесі мен «Арулар», «Жерлестер» атты Қазақ мәдени қоғамдары бар. Кіші құрылтайдың салтанатты ашылуы қарсаңында Қазақстаннан барған делегацияны Моңғолияның Мәдениет, спорт және туризм министрі Ц. Оюунгэрэл арнайы қабылдап, Қазақстанмен мәдени-рухани саладағы байланысты одан әрі жақсарту және осы мәселелерге қатысты жергілікті қазақтарға қажетті қолдау мен көмек көрсету жөнінде мазмұнды пікір алмасу өткізді [8, 121б.].

Құрылтайда өткізілген маңызды шаралардың бірі ҚР-ның Президенті – Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауына арналған дөңгелек үстел болды. Елбасы Қазақстан халқына Жолдауын 1997 жылдан бері жүзеге асырып келеді. Бұл Жолдаулардың ең алғашқысы Қазақстанды дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасына арналған. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы Елбасының Жолдауын шет елдегі тұратын қандастарымызға жеткізіп, насихаттау жұмысын жүргізді. Осы дәстүр Моңғолиядағы кіші құрылтайда да жалғасын тапты. Дөңгелек үстелді тарих ғылымдарының докторы, профессор Х. Әбжанов жүргізді. Үш бөлімнен тұратын «Қазақстан-2050» стратегиясының біріншісі Қалыптасқан Қазақстан – мемлекеттілігіміздің, ұлттық экономикамыздың, азаматтық қоғамымыздың, қоғамдық келісіміміздің, өңірлік көшбасшылығымыз бен халықаралық беделіміздің дағдарыста сыналуы деп аталды. Бұл бөлімде Елбасы соңғы 15 жылда, яғни 2030 жылға дейінгі бағдарламаны жүзеге асыру барысында Қазақстанның қол жеткізген табысын жан-жақты талдап көрсеткен. Ал Стратегияның ХХІ ғасырдың он жаһандық сын қатері атты екінші бөлімінде жалпы адамзаттың алдағы уақытта қандай сын-тегеуріндермен бетбе-бет келуі мүмкін екендігі қамтылған. Осы сын-тегеуріндерден қалай сүрінбей өте алады? Бұған бағдарламаның «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – тым құбылмалы тарихи жағдайдағы жаңа Қазақстан үшін жаңа саяси бағыт атты үшінші бөлімі жауап бере алады. Бұл бөлімде Елбасы, басты мақсат – 2050 жылға қарай Жалпыға ортақ еңбек қоғамын құру деп көрсетеді [9, 107-109бб.]. Құрылтай мәжілісі барысында аймақ әкім Д.Құзыкейұлы «Қазақстан – 2050» стратегиясында көтерілген мәселелермен өлке халқы етене таныс екендігіне тоқталып өтті. Моңғол елі нарықтық жүйеге 1990 жылдардың басында көшуіне байланысты қазақтардың мәдени өмірінде біршама қиындықтар болды. Атажұрттан келетін оқу құралдары, оқулықтар, әр түрлі бұқаралық ақпараттық құралдардың барлығы дерлік тоқтады. Бүгінгі күнде аймақ халқының Отанымызбен байланысымыз білім беру және көші-қон саласында ғана болып тұр. Бірақ, қазіргі кезде Моңғолияда экономикалық-әлеуметтік жағдай жылдан жылға жақсарып келе жатыр. Сондықтан болар, аймақ халқының да экономикалық жағдайы дұрысталуға екендігіне тоқталып өтті [10, 136.].

Әлемнің көптеген елдерінде өмір сүріп жатқан қазақ ұлтының өкілдерін бұл құндылықтық дағдарыстың ыстық лебі шарпып өтпеуі де мүмкін емес еді. Сондықтан олардың барлығы қазіргі дәуірде дүниетанымдық және құндылықтық қайта түлеу кезеңінде өмір сүріп жатқанын атап өту керек. Жалпы дүниежүзі халықтарының барлығы өзінің құндылықтар дүниесін сараптан өткізіп, оның кейбір тұстарына жаңаша баға беріп жатқан кезеңде, қазақ ұлтының алыс және жақын шетелдегі өкілдері, Атажұрттағы, яғни тәуелсіз Қазақстан жерінде топтасқан негізгі бөлігінде, құндылықтар саласының құрылымы мен болашағына асқан ұқыптылықпен қарайтын заман да жетті. Себебі, қазіргі заманның уақыт өлшемі мен өзгерістер екпіні бұрынғы тарихи кезеңдермен салыстырғанда басқа, әлдеқайда күрделенген деңгейге көтерілгені байқалады [11, 20-21бб.]. Құрылтайда қазақ елінің бүгінгі мен болашағы туралы ой-пікірлер, өтініш тілектер ортаға салынды. Қоғамдағы негізгі құндылық адам және оның мүдделері екендігі баршаға аян. Бүгінде Қазақстан өзінің болашағын анық болжай алатын, саяси және әлеуметтік бағдарларын нақты анықтай алатын елге айналуы тиіс. Моңғолия мен Қазақстан арасына ұшақ ұшыру, жол, көлік қатынасын жақсарту сияқты күрделі мәселелер екі ел үкіметінің арасындағы деңгейде шешілуге тиіс. Сонымен бірге біраз мәселені Моңғолиямен шекарасы жақын Шығыс Қазақстан облысы арқылы да жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Кіші құрылтайға қатысушылар тарапынан, екі ел арасының достық қарым-қатынасын нығайтуға және Моңғолиядағы қазақ ағайындардың халахуалын, әсіресе, рухани сұранысын орындауға үлкен үлес қосады деген ой пікірлер айтылды [10, 136.].

Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінде Өзбекстаннан кейінгі Ресей Федерациясында этникалық қазақ қауымының көп шоғыры бар. Ал қазақ мәдени қоғамдары Эстониядағы «Абай», Балтық елінде «Нұрсәуле» қазақ қоғамы, Белрусьта халықаралық «Атамекен», Украина елінде Харьков қаласы қазақтарының «Бірлік», Киевте «Достық» қоғамы, Донецк облыстық қоғамдық «Донбасс» қазақ мәдени бірлестігі, Қырым республикалық «Бірлік», Тәжікстандағы «Бәйтерек», Қырғызстандағы Қауымдастық және Ресейдің көп бөлігінде қазақ қоғамы жұмыс істейді. Ресей аумағын мекендеген қазақ қауымының ынта жігерліктерінің арқасында бірнеше құрылтайлар ұйымдастырылып, өткізілді. Қазақ мәдени орталығы Өзбекстанның Ташкент қаласында құрылған. Сол елдің тоғыз облысының жиырма бестен астам ауданында құрылған бөлімшелері жұмыс істейді. Ташкентте 2011 жылы қарашаның 11 күні өткен құрылтайға (VII) Науаи, Сырдария, Бұхара, Ташкент облыстарымен қатар Қарақалпақстаннан делегаттар қатысты. Құрылтайда қазақ ұлттық мәдени орталығы төрағасының орынбасары Шералы Садықов ашып, баяндама жасады. Ол баяндамасында: «Ел тәуелсіздігінің арқасында салт-дәстүрлеріміз қайта жандады. Бүгінде өзбек қазақ, халықтары арасындағы достық, әдеби-мәдени байланыстар жоғарыға көтерілді. «Шымкент қаласындағы Қазақстан-Достық университетін» бітірген түлектер өзбекстандық студенттердің дипломдарын нострификациялау, Өзбекстандағы қандастарымыз үшін Ұлттық театр ашу, қазақ

тілінде жарық көретін Республикалық «Нұрлы жол» газетіне жазылымды жандандыру жайлы да әңгіме өрбітті [12, 22-23б.].

2014 жылы Бішкек қаласында өткен Қырғызстан қазақтарының V - ші Кіші Құрылтайына республикадан делегаттар қатысты. 2009 жылғы есеп бойынша Қырғызстанда 33 мыңдай қазақ бар. Олардың басым көпшілігі (21 мың адам) Шу аймағы мен Бішкек қаласында тұрады. Ыстықкөл облысында - 10 мың, Талас облысында - 8 мың қазақ бар. Баткен, Ош, Жалал-Абад аймағындағы қазақтар 4 мыңға жуықтайды. Қырғызстан қазақтарының арасында ғалымдар, жоғары білімді мамандар өте көп[13,104б.]. Қырғыз Республикасының Статистика комитетінің 2014 жылдың басындағы мәліметі бойынша елдегі халықтың саны 5 миллион 850 мың, оның ішінді қазақтар саны 33 мың 701. Қазақтың көбірек шоғырланған жері - Бішкек қаласы және Шу облысы. Қырғызстанда құрылған «Алаш» қоғамдық бірлестігі (2003-2010 жж.) мен «Отан» қазақ мәдени орталығы (1992-2010жж.) 2010 жылы желтоқсанда бірігіп Қырғызстан қазақтарының қауымдастығы болды. V- ші Кіші құрылтайда Қырғыз Республикасы Халық Ассамблеясының құрметті төрағасы Бектемір Мырзабайрамов екі елдің достық байланысының нығая беруінің аса маңызды екендігіне тоқтала келіп, Қазақстан жұртшылығына үлкен ризашылығын білдірді. Құрылтай барысында Қырғызстан қазақ қауымдастығының төрағалығына ұсынылған үш үміткердің ішінен Құрылтай делегаттарының көпшілігінің дауысына ие болған Е. Бөлекбаев төраға болып сайланды. Жаңа басшының нәтижелі жұмысы барысында бүгінде Қырғызстандағы қандастарымызбен мәдени-рухани жағдайы жақсарып, Қауымдастықпен байланысы артуда[14, 17-19бб.].

Шетелдегі қазақ диаспорасының біртұтастығы мақсатында Моңғолия, Түркия, Иран, Тәжікстан, Орталық Азия, Ауғанстан, Мәскеу, Астрахань, Орынбор, Омбы, Самара, Түмен, Челябинь, Қорған, Алтай Республикасы қазақтарының Кіші құрылтайлары өтті. Ресейдің Алтай өлкесі Қосағаш ауданында 2001 жылы шілденің 6-7 күндері қазақтардың ұйымдастыруымен өткен Кіші құрылтайы қазақ тілінде жүргізілді. Екі күнге созылған Ресейдегі Кіші құрылтайда еңбек жолын мұғалім мамандығынан бастап, аудан көлемінде бірнеше басшылық қызметін атқарған Қосағаш ауданы әкімі Ә. Жағжанбаев жасаған баяндамасында Ресей қазақтарының қазіргі жағдайы, болашағы туралы мәселені және ол жастардың білім алуы мен мектеп оқулықтары, тіл мәселесі төңірегінде пікірлерін айтты. Құрылтай мәжілісінде ҚР-сы тарапынан делегацияны бастап барған жазушы Қ. Найманбаев баяндама жасады. Кіші құрылтайға Ресей, Қазақстан, Қытай, Моңғолия елдерінен келген қандастарымыз қатысты. Кіші құрылтайдың екінші күні қазақ халқының ұлттық ойындарынан қойылымдар көрсетіліп, ат жарысы, қыз қуу бәйге және спорттық ойындар мен қазақша күрестен палуандар арасында жарыс өтті. Ресей қазақтарының орындауында халық әндері мен күйлері орындалды. Қосағаш қазақтарының атамекенмен қайта табысуына, Алтай Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы білім, ғылым және мәдениет салалары бойынша қатынастарды жақсарту мен дамытуда үлкен мән беріліп, келісімдер жасалды[15,10б.].

Әлемнің 40 шақты елінде тарыдай шашыраған бес миллионнан астам қазақтың бір бөлігі Еуропаның оннан астам елінде өмір сүреді. Еуропадағы қазақ қоғамы қауымдастығының мәліметі бойынша, бүгінде ондағы қазақтардың басым бөлігі Түркиядан қоныс аударған қазақтар, олар Германия, Франция, Швеция, Австрия, Голландия, Ұлыбритания, Норвегия және Дания т.б. елдерде өмір сүруде. 1991 жылдан кейін Еуропаға Қазақстан, Қытай, Моңғолия, Ауғанстан, Иран және Түркиядан қоныс аударған және кәсіп іздеп, білім іздеп барған қазақтар өмір сүруде. Еуропа қазақтарының 1994 - 2000 жылдар аралығында кіші құрылтайлар, Мюнхенде - 1994 ж., Париж - 1998 ж., 1999 ж. - Германияның Кельн қаласында, Амстердам қаласында - 2000 жылы өтті. Еуропа қазақтарының Кіші құрылтайы 2002 жылы Германияның Кельн қаласында болды. Ал, 2003 жылы Швецияның Вестерос қаласында, 2004- жылы Мюнхенде, 2008 жылы - Норвегияның Осло қаласында, 2009 жылы - Лондонда, 2010 жылы - Венада, 2011 жылы - Вестероста, 2012 жылы - Данияның Аархус қаласында өтті. Аталмыш Кіші құрылтайлардың бірнешеуіне тоқталып өтсек. 2006 жылы 4-7 маусымда өткен кіші Құрылтайға Еуропа елінен 1500 делегаттар мен Қауымдастық төрағасының 1-ші орынбасары Т. Мамашев қатысты. Құрылтай мәжілісінде Т. Мамашев Елбасының құттықтау хатын оқып берді. Құрылтайға Франциядағы Қазақ, Түрік елшілігінің өкілдері құттықтап сөз сөйледі. Құрылтайда ашылған халық шығармашылық фестивалінің сурет және қолөнер көрмесіне 120-дан астам ұлттық қолөнер туындылары көрсетілді[16,16б.]. Франциядағы қазақ мәдени қоғамы Алматыдағы Дүниежүзі қазақтары қауымдастығымен тығыз байланыста жұмыс істейді. Франциядағы қазақтар Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығының және Франциядағы Қазақ елшілігінің жан-жақты қолдауымен Еуропа қазақтарының кіші құрылтайын жақсы өткізді[17].

2006 жылы Германияның Кельн қаласында болған Кіші құрылтайы бүгінде Еуропада тұратын қандастарымыздың басын қосып, топтастыратын ауқымды іс-шараға айналды. Осындай Кіші құрылтай Ұлыбританияның Лондон қаласында 2016 жылы өтті. Бұл Кіші құрылтайдың ерекшелігі - Еуропа, Моңғолия, Ресей, Пәкістан сынды алыс елдерден де делегаттар қатысты. Еуропадағы қазақ диаспорасы кейінгі ұрпағының ана тілі мен салт-дәстүрін сақтау мақсатында, өздерінің қазақ екендігін жастардың сана сезіміне сіңіру мақатында өткізеді. Лондонда 45 қазақ отбасы тұрғанына қарамастан төртқұл дүниеден барған делегация мүшелерінің басын қосып, кең көлемде Кіші құрылтай өткізді. Құрылтайда Қауымдастық ұйымдастырған көрмеге «Атажұрт» баспасынан жарық көрген кітаптар қойылды. «Туған тілім - тұғырым» деген тақырыппен дөңгелек үстел өтті. Ана тіліміздің көкейкесті мәселелерін талқылаған дөңгелек үстелге Еуропаның оннан астам елдерінен келген Қазақ мәдени орталық басшылары, Ресейден, Қазақстаннан, Моңғолиядан келген қонақтар, Қазақстан Республикасының Ұлыбритания корольдігіндегі Төтенше және өкілетті елшісі Қ. Әбусейтов қатысты. Еуропа қазақтары федерациясының жетекшісі ғалым Абдулқаюм Кесижи жасаған баяндамасында еуропадағы қазақ жастары және тіл мәселесіне және қолға алынған іс-шараларға тоқталып өтті. Еуропада өткен осындай Кіші

құрылтайлар ондағы қазақтар үшін маңызды, себебі олар бір-бірімен өз тілінде қауышады және ана тілі мен салт дәстүрді сақтау мәселелері қарастырылады, ұлтына деген сүйіспеншілігі артады [18,13 б.].2011 жылы – Вестероста (Швецияда)өткен Кіші құрылтайда алдағы он жылдық Кіші құрылтайлар өткізу жоспары бекітілді. Онда 2013 жылы Парижде, Голландияның Амстердам қаласында- 2014 жылы, Кельнде – 2015 жылы, Берлинде – 2016 жылы, Мюнхенде- 2017 жылы, Норвегияның Осло қаласында – 2018 жылы, Лондонда – 2019 жылы, Венада – 2020 жылы, Вестероста - 2021 жылы Кіші құрылтайлар өтеді деп шешім қабылдады.Данияның Аархус қаласында 2012 жылдың мамыр айында өткен еуропа қазақтарының Кіші құрылтайына тоқталып өтейік. Еуропа қазақ мәдени орталықтары федерациясының басшысы және Ұлыбритания, Франция, Германия, Швеция, Голландия, Норвегия, Дания және Түркия мен Беларусьиядағы қазақ мәдени қоғамының басшылары және еуропалық қандастар Құрылтай қонағы болды. Құрылтайға шет елдерден төрт жүзден астам делегат жиналды. Данияда 11 қазақ отбасы тұрады. Құрылтайда Елшіліктің ұйымдастыруымен алғаш рет «Қазақ тілін білесің бе?» деген жарысқа Еуропа елдерінен 40 - тан астам бала қатысты. Сонмен қатар «Қазақстан және шетелдегі қазақтар» деген кітап көрмесі өтті. Кіші құрылтайдың бағдарламасы аясында өткен «Қауымдастыққа 20 жыл: Ана тілім – парызым» атты дөңгелек үстелде тіл мәселесі талқыланды[19, 18 б.].

2013 жылдың мамыр айының 18-20 аралығында Парижде өткен Кіші құрылтайға әлемнің 14 елінен делегаттар қатысты. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы тарапынан осы Құрылтайға барудың алдында үлкен ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Құрылтайда алдымен Еуропа қазақтары мәдени орталықтарының жетекшілерімен болған бас қосу дөңгелек үстел форматында өтіп, ол іс-шарада Қазақстан Республикасы делегациясының жетекшісі Қауымдастық атынан «Қазақстан-2050» Стратегиясының маңызды мәселелерін шетелдегі отандастарымызға түсіндіріп, бір ел, бір тағдыры, бір халқы болатындығын айта келе, шетелдегі қазақ пен Атамекен – Қазақстанның біртұтас этникалық әлемді құрайтындығын түсіндіріп, баяндама жасалды. Кіші құрылтай кезінде еуропалық қазақтар Қазақстанның қазіргі табыстарына қуанып, қиындықтарына бірге қиналатындарын және шамалары келгенше атажұртпен өзара байланысты нығайта түсуге ынтылау екендерін де білдірді. Еуропа елдерінде де қазақ ұлтты өкілдерінің тұрақты тұрып, өркениетті елдердің озық үлгілерін бойына сіңіріп, оны атамекендегі отандастарына жеткізе білгені де ерекше маңызды[20, 17-21бб.].Әрине, олардың негізгі мұны жастарының қазақ тілін жете білмей, ассимиляцияға ұшырап бара жатқандығы, тіл үйрену курстарының екі жаққа тиімді сипатта не Қазақстанда, не Еуропада ұйымдастырылғанын қалайды. Бұл да өз шешімін күтетін мәселенің қатарына жатады. Германияның Берлин қаласында 2014 жылы 6-8 маусымда «Еуропа қазақтарының» 25- іші Кіші құрылтайы өтті. Мюнхен қаласында Еуропа қазақтарының кіші құрылтайы 2019 жылдың 7-9 маусымда өтті. Құрылтайда Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы мен «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының ережелері контекстінде ынтымақтастықты дамыту мәселесі қаралды. Бұл әлемдік қауымдастыққа қазақ ұлтының бірлігін және Қазақстан Республикасының шетелдерде тұратын қазақ диаспораларына ерекше қолдауы мен қамқорлығын көрсетеді. Қаралған өзекті мәселелер қатарына - шетелде тұратын отандастарды қолдау үшін нормативтік базаны жетілдіру, білім беру, туристік бағдарламаларды іске асыру, қазақ тілін дамыту, байланыс орнату және бизнес-жобаларды іске қосу. Құрылтайдың алғашқы күні Швецияда, Ұлыбританияда, Германияда, Францияда, Данияда, Нидерландыда, Австрияда және Бельгияда жұмыс істейтін қазақ мәдени орталықтарымен «Отандастар» қорының ынтымақтастығы мен әріптестігін дамыту туралы екі жақты меморандумдарға қол қойылды. Осылайша, құрылтай шеңберінде «Қазақ үйі» - ортақ брендпен әлемнің түрлі елдерінде жұмыс істейтін барлық қазақ мәдени орталықтарының бірыңғай базасында біріктіруге бағытталған жоба басталды [21].Құрылтайда қаралған негізгі мәселелерге: шетелдегі отандастарды қолдау үшін нормативтік базаны жетілдіру, білім беру, туристік бағдарламаларды іске асыру, қазақ тілін дамыту және бизнес-жобаларды іске қосу талқыланып, «Қазақ үйі» – ортақ брендпен әлемнің түрлі елдерінде жұмыс істейтін барлық қазақ мәдени орталықтарының бірыңғай базасында біріктіруге бағытталған жоба бастау алды. Кіші құрылтай шеңберінде алғаш рет отандық және шетелдік кәсіпкерлердің қатысуымен бизнес-форум өтті[22]. Дүниежүзінде қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты Өзбекстандағы этникалық қазақтардың кіші құрылтайы ағымдағы жылдың 21 қазан күні тұңғыш рет онлайн режимінде өткізу жоспарлануда. Іс-шараны ұйымдастыруға ДҚК, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі және «Отандастар қоры» мен Өзбекстандағы қазақ ұлттық мәдени орталығымен бірлесіп ұйымдастырғалы отыр. Кездесудің басты мақсаты – баурлас Қазақстан - Өзбекстан арасындағы достық қарым-қатынас, мәдени-рухани байланыстарын нығайту. Өзбекстандағы қазақ диаспорасына қолдау көрсету, мәдени - байланысты кеңейту, олардың түйткілді мәселелерін шешу жолдарын қарастыру», - дейді ДҚК Төрағаның бірінші орынбасары Зауытбек Тұрысбеков. Құрылтайға Өзбекстанның Ташкент, Сырдария, Науаи, Бұхара, Хорезм облысы және тағы басқа елдердегі қазақ ұлттық мәдени орталықтарының басшылары мен ҚР мемлекеттік мекемелердің өкілдері, қоғам, өнер қайраткерлері қатысады[22].

Бүгінгі таңда шетелдердегі қазақ диаспорасымен байланыс жасауды Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы мен «Отандастар» қоры бірлесе жүзеге асыруда. «Дәстүрге айналған кіші құрылтайды Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев басқаратын Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы өткізіп келеді. Соған орай, Қауымдастық алыстағы ағайындардың ұлттық-рухани және көші-қон жөніндегі мұң-мұқтаждары мен өтініш-тілектерін Қазақстан үкіметіне, басқа да тиісті орындарға жеткізіп, олардың шешілуіне ықпал жасайды.

Қортындылай келе, Еуразия құрлығы үстінде көсіліп жатқан қазақ деген этникалық қауымдастықтың ел болып, халық болып құрылғанына да көптеген ғасыр болғаны мәлім. Өзінің әртүрлі соқпақтарға, дүрбелендерге толы тарихи жолында небір сынақтардан өткен осы халықтың ең бойындағы барлық әлеуетінің кеңінен байқалатын, оның әлемге толықтай паш етілетін күні де келді.

XX ғасырда қазақ тарихында болған оқиғалар қаншама құрбандық әкелгенін және оның қыспағының да ауыр болғанын еске ала отырып, сол кезеңнің үдерістері ұлт тарихында жаңа құбылыстарды туындатқаны анық. Мәселен, бұрын тарихымызда болмаған «қазақ диаспорасы» деген этникалық қазақтардың шоғырлары дүниежүзінің көптеген елдерінде пайда бола бастады. Бүгінде тәуелсіз мемлекетіміз үшін шетелдегі үлкен қауыммен терең байланыс жасаудың маңызы зор. Бөтен ортада тұрғанымен өздерінің әдет-ғұрыптарын сақталған. Дегенмен, алыс шетелдерде өз тілінде мектеп болмағандықтан жастар ана тіліне шорқақ, көбі білмейді. Шет елдегі қандастарымызды елге оралту және қазақы салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты сақтауға, жастар арасында тілді үйренуге ынталылығы және т.б. қазақ диаспорасының көкейтесті мәселелерін шешу мен жүзеге асыруда республика аумағында бес құрылтай және алыс - жақын шетелдерде Кіші құрылтайлар өтті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қозғамбаева Г. Дүниежүзі қазақтарының басын қосқан тұңғыш құрылтайдың шақырылуының тарихи маңызы. // *Электронный научный журнал «edu.e-history.kz»* - № 3(11). - 2017.
2. Еңсенев Қ.А. Дүниежүзі қазақтары бес құрылтайының өткізілу тарихы (1992-2017 жж.). // *Электронный научный журнал «edu.e-history.kz»* № 2(14) 2018
3. Мамашев Т. Қазақ диаспорасы қамқорлық күтеді. // *Алтын бесік.* – № 4. 2013. – 4 – 6 беттер.
4. Мамашев Т. Дүниежүзі қазақтар қауымдасстығының шежіресі. – Алматы, – 2007. – 150 б.
5. Қара Ә. Кеше, бүгін және ертең. // *Қазақ елі.* 2005. – №12. – 5 бет.
6. Хамитұлы С. «Түркия қазақтарының тұрмыс тіршілігі» // *Қазақ елі.* – 1998. – №42., – 2б.
7. Балғабай С. Түркия қазақтарының құрылтайы. // *Туған тіл.* – №4. 2014. – 19–21 бб.
8. Уатқан Б. Ұлттың ұлы жиыны. Деректер жинағы. – Алматы Дүниежүзі қазақтарының қауымдасстығы «Атажұрт» баспа орталығы. – 2012. – 408 б.
9. Қазақстан Республикасы Президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. – Алматы. – 2012. – 110 б.
10. Базарбайұлы С. «Қазақстан – 2050» стратегиясы және Моңғолия қазақтары. Моңғолия қазақтарының үшінші Құрылтайы. // *Алтын бесік.* - 2013. № 5. - 10-156б.
11. Мамашев Т. Қазіргі замандағы қазақ диаспорасының өркениеттік мәселелері. // *Қазақ диаспорасының заманауи этникалық және этикалық құндылықтары. Дөңгелек үстел материалдары.* – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 216 б. -17-23бб.
12. Үкібаев М. Өзбекстанда өткен кіші құрылтайдағы қаралған мәселелер. // *Алтын бесік.* № 1–2. 2012. – 22-25 бб
13. Балғабай С., Қазақ диаспорасының қазіргі жағдайы және болашағы // *Алтын бесік.* - №4. 2014. – 104-111 бб.
14. Уатқан Б. Қырғыз жеріндегі қазақ Құрылтайы. // *Алтын бесік.* № 1–2. 2012. – 17–20 бб.
15. Балғабай С. Ресей қазақтарының кіші құрылтайы // *Туған тіл.* – 2011. – № 3, 9-11 беттер.
16. Тұрсынханқызы С. Еуропа қазақтары бас қосты // *Туған тіл.* № 1. 2006. 11–16 бб.
17. Еуропадағы қазақтар (тарихы мен бүгінгі жағдайы). Публицистикалық зерттеу/ Досан Баймолда. - Алматы: Дүниежүзі қазақтары қауымдасстығының «Атажұрт» баспа орталығы, 2015. - 192 бет.
18. Кешубайұлы Т. Лондонда өткен Еуропа қазақтарының кіші құрылтайы / *Алтын Бесік* - №4. – 2009. – 6 – 13бб.
19. Балғабай С. Алматы – Стокгольм – Вестерос – Алматы бағыты. // *Туған тіл.* 2011. №4. – 18- 21 бб.
20. Базар Ж., Шетелде тұратын жас талапкерлердің білім сапарына жол // *Egemen Qazaqstan.* № 89(10079). - 2019. (02 .09 2019).
21. Мюнхенде қазақтардың Кіші құрылтайы өтті. https://www.inform.kz/kz/myunhende-kazaktardyn-kishi-kuryltayy-otti_a3536094 20.04.2020.
22. Искендерұлы Ф. Қазақтардың Кіші құрылтайы өтті. <https://egemen.kz/article/202019-qazaqtardynh-kishi-quryltayy-otti> 25.03.2020.
23. Дүниежүзі қазақтар қауымдасстығының сайды // www.inform.kz 15.10.2020